

Бюджеттік қарыздар бойынша жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1883

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Казавтотехмаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен алынған машиналар үшін жинақталған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

республикалық бюджет пен "Алматы ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамының арасында, 1995 жылғы 27 желтоқсандағы жағдай бойынша, 138 млн. (жұз отыз сегіз миллион) теңге сомасына біржолғы есептеу жүргізсін;

аталған соманы 1995 жылғы республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеттің қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. "Алматы ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы аталған есептеуді жүргізу есебінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, алынған машиналар үшін, "Казавтотехмаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі алдындағы берешектерін қайтару жүргізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі